

«6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Усенова Аккенже Мукановнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясына рецензенттің

П І К І Р І

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Табыстылық жоғары оқу орны түлегін кәсіби іс-әрекетке жүйелі дайындаудың кіріктірілген өлшемі ретінде тұлғалық және кәсіби маңызды әртүрлі бағыттағы іс-әрекет түрлерінде (оқу, оқу-кәсіби, ғылыми-зерттеушілік, еріктілік, оқудан тыс, әлеуметтік-мәдени) қойылған мақсатқа жетуге қажетті қабілеттіліктер жүйесін айқындайды. Бұл мақсатқа жету бастауыш білімнің үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы басқышы екенін ескере отырып, болашақ бастауыш мұғалімдерінің *әлеуметтік табыстылығын дамытуды талап етеді.*

Сондықтан, педагогика ғылымының басымды міндеті педагог әрекетінің табыстылығы мен тиімділігін анықтау, оны қамтамасыз ететін құралдар мен әдістерді таңдау, әдістемесін дайындау болып табылады. Әсіресе, тұлғалық-тұрақты және кәсіби өзін іс жүзінде көрсете алатын мұғалімнің қалыптасу үрдісінің оңтайлы тәсілдерін дайындау, оның тұлғасының табыстылығын дамыту заңдылықтарын айқындау мәселесі өзекті.

Осы орайда, Усенова Аккенже Мукановнаның қарастырып отырған мәселесі өзекті. Қазіргі әлемдік және мемлекеттік деңгейде болашақ мамандардың әлеуметтік табыстылығының маңызды рөлін үйлесімділікте бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жетілдіру мақсатында ашып көрсетуі маңызды.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

2.1 Бірінші ғылыми нәтиже - автордың шет елдік, отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты салыстырмалы талдау жасауымен және зерттелу бағытын бөліп көрсетуімен, оларды жүйелілікпен сипаттауымен анықталады.

2.2 Екінші нәтиже - ізденушінің «табыс», «табыстылық», «әлеуметтік табыстылық» және олармен тығыз байланысты қарастырылатын басқа да ұғымдарға жасалған ғылыми талдауымен, өзіндік тұжырымдауымен сипатталады. Сондықтан, бұл ғылыми нәтиже терең жасалған талдау негізінде «әлеуметтік табыстылық» ұғымының мәнін ашумен, құрылымын және мазмұнын нақтылаумен ерекшеленеді.

2.3 Үшінші нәтиже - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіштерінің деңгейлерін айқындаумен ерекшеленген.

2.4 Төртінші нәтиже - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемесін жасауымен, ол әдістемнің негізіне элективті курс бағдарламасы, үйірме жұмысы және сипатталады. Сондай – ақ, бұл нәтиже элективті курс бағдарламасына сәйкес оқу-әдістемелік құралының дайындалуымен ерекшеленеді.

3 Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

3.1 Бірінші нәтиженің жаңалығы диссертацияның әдіснамалық тұғырлар мен қағидаларын ашып көрсетумен ерекшеленеді. Мұнда ізденуші: зерттелінген мәселе тұрғысынан төмендегі тұғырларды бөліп көрсетеді: тұлғалық бағдарлық тұғыр (В.В. Сериков, В.А. Сластенин, И.С. Якиманская және т.б.); іс-әрекеттік тұғыр (Н.В. Кузьмина, Л.С. Рубинштейн және т.б.); мәдениеттілік, әлеуметтік-мәдениет тұғыры (Е.В. Бондаревская, Б.С. Гершунский, Г.И. Гайсина, М.С. Каган және т.б.); акмеологиялық тұғыр (А.А.Бодалев А.К. Маркова; А.А. Деркач, М.Ә. Құдайқұлов, Б.А.Тұрғынбаева және т.б.); әлеуметтік-мәдени орта тұғыры (Ю.С.Манулов, Э.Р. Майорова, Л.И.Новикова, В.А.Караковский, А.В.Мудрик және т.б.).

3.2 Екінші нәтиженің дәлелдігі ізденушінің «табыс», «табыстылық», «әлеуметтік табыстылық» және олармен тығыз байланысты қарастырылатын басқа да ұғымдарға жасалған ғылыми талдауымен, өзіндік тұжырымдауымен сипатталады. Сондықтан, бұл ғылыми нәтиже терең жасалған талдау негізінде «әлеуметтік табыстылық» ұғымының мәнін ашумен, құрылымын және мазмұнын нақтылаумен ерекшеленеді. Мұнда ізденуші жоғарыдағы ұғымдарға берілген анықтамалардың мазмұнын нақтылап, пәнаралық категория ретінде қарастыра отырып, әртүрлі ғылымдар тұрғысынан барлық анықтамаға ортақ мәнін негіздеуде белсенділік танытқан.

Сонымен қатар ізденушінің «әлеуметтік табыстылық» ұғымын философиялық, психологиялық-педагогикалық, гедонистік, аскеттік, интегративтік, субъективтік-объективтік категория ретінде бөліп қарастырып, мазмұнына сипатама беруі жұмыстың құндылығын айқындайды.

3.3 Үшінші нәтиженің жаңалығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіштерінің деңгейлерін айқындауда оның әдіснамалық тұрғылар мен қағидаларын ашып көрсетумен ерекшеленеді.

2.4 Төртінші нәтиженің шынайылығы - болашақ бастауыш сынып мұғалімдері басшылыққа алатын әдістемесінің дайындалуымен, *«Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері»* атты элективті курс бағдарламасы мен оқу – әдістемелік құралы мазмұнының ашып көрсетілуімен дәлелденеді. Әдістеменің мазмұндық, практикалық мәнін ашуда әсіресе, жоғары оқу орнындағы студенттердің, болашақ маман ретінде кәсіби іс-әрекеттегі біліміне негіздеп, оқу-тәрбие үрдісіне және оқудан тыс іс-әрекеттерде табыстылығын дамытуға аса назар аударылады. *«Сенің табысың сенің қолыңда»* үйірме жұмысы мен *әдістеменің үшінші бөлімін құрайтын «Табыстылар» тренинг сабақтар кешені* табыстылық іс-әрекетін дамыту

бойынша практикалық сабақтардың ұйымдастырылуы төртінші нәтиженің жаңалығын көрсетеді.

4 Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертация педагогика, психология, философия, әлеуметтану ғылымдары саласындағы күрделі мәселеге арналғандықтан, бірнеше ғылымдар саласына зор үлес қосады деуге негіз бар. Өйткені, бұл зерттеу мәселесінің теориялық нәтижелерін бүгінгі білім беру жүйесінің барлық сатысында (мектепке дейінгі, жалпы білім беретін орта мектеп, колледж, жоғары оқу орны) оқыту және тәрбиелеу үдерісін жетілдіруде пайдаланылатын материалдар ретінде практикалық тұрғыдан алғаш қарастырылғандығы зерттеудің өзектілігін айқындай түседі. Сондықтан, диссертациядағы қол жеткізген зерттеу нәтижелерінің тәжірибеде пайдалануы оның дәйектілігін және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығын көрсетеді.

5 Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген 13 еңбегінде көрініс тапқан. Олар: Скопус мәліметтер базасына кіретін журналда, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарда, Республикалық білім беру жүйесін бақылау комитеті белгілеген басылымдарда жарияланған.

6 Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Ізденушінің зерттеу жұмысының мазмұнында кездесетін мынадай кемшіліктерді атап өтуді жөн көрдік. Олар:

1. Қазіргі қоғамның даму кезеңінде жастардың бойында іс-әрекет табыстылығына жоғары құзыреттілік негізінде талпыну байқалады. Олай болса, диссертацияда аталмыш тақырыптың өзектілігін әлде де болса күшейту керек еді.

2. Диссертацияда Қазақстанның білім беру жүйесіне «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын ендіру жолдары нақты көрсетілмеген. Ал, бұл Бағдарламаның тәрбиелік әлеуетінің тұлғаның әлеуметтік табыстылығына әсері мол екені сөзсіз.

3. Зерттеу мәселесі бойынша әртүрлі ғылым саласынан зерттеу жұмыстары мен ғылыми әдебиеттерді салыстырмалы талдауда шетел ғалымдарының еңбектеріне аса көп назар аударылған. Ал отандық ғалымдар еңбектеріне тереңірек талдау жасалса, жұмыстың мазмұны кеңірек ашыла түсер еді.

Бұл кемшіліктер диссертацияның мазмұнын төмендетпейді.

7 Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Қорыта келгенде, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Усенова Аккенже Мукановнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, жан-жақты зерттелген қолданбалы мәні бар, өз бетінше орындалған, мазмұны терең, аяқталған жұмыс деп тауып, зерттеу жұмыстың авторын 6D010200-Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия PhD дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

**«Бөбек» ҰҒПББО-ның
Адамның үйлесімді
дамуы институты,
Рухани-адамгершілік білімді
ендіру бөлімінің басшысы,
п.ғ.д, профессор**



А.К.Рысбаева

